4) Толықтауыштардың ішінен сөйлем аяғында тек тыныс пен жатыс жалғаулы сөз келеді, бірақ бұл диалогте кездеседі.

Соның ішінде біздің ақын, жазушыларымыз, газет-журнал қызметкерлері, редактор жолдастар алдымен қазақ тілінің синтаксисін жақсы білулері керек. Сонда ғана әдеби тілдің нормасынан ауа жатылмаған, өз білгенімен жаза беруден, сөйтіп, тілді бүлдіруден қорғаған боламыз. Тілді бұзу жолы жеке сөздерге ғана байланысты емес, сөйлемге, сөйлеу құрылысына да байланысты екенін ұмытпау керек.

4-тап

Сөйлеушінің өз сөзінің ішінде біреудің айтқан сөзін дәл сол күйінде, еш бір өзгеріссіз берсе төл сөз деп аталады. Мысалы, „Мал жұтайды, өнер жұтамайды", - деген Абай. Осы сөйлемде „мал жұтайды, өнер жұтамайды" деген Абайдың сөзі ешқандай өзгеріссіз айтылған күйінде беріліп тұр.

Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібіне, төл сөзді сөйлемнің хабарлы, сұраулы, лепті болуына қарай төл сөздің тыныс белгілері де сан алуан болады.

Құрмалас сөйлем - екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін, мағыналық жағынан өзара байланысты біртұтас сөйлем. Құрмалас сөйлем жасалу жолына қарай үш түрге бөлінеді: 1) Салалас құрмалас сөйлем, 2) Сабақтас құрмалас сөйлем, 3) Аралас құрмалас сөйлем.

5-тап

1. Мәтін бірінші жақ, көпше түрде жазылған.
2. Көркем әдебиет стилінде жазылған.
3. Мәтінде балалардың білімге, оқуға құмтар-


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ